

«Балалық шақты қорғаудың Конституциясы» атты тақырыптағы тестілеу қорытындысы туралы ақпарат

Құқықтық білім баршаға өмірдің әртүрлі жағдайындағы мінез-құлық негізі ретінде қажет. Құқықтық білімнің өзектілігі әлбетте – ол экономика, мәдениет, саясат: қоғамдық өмірдің саласындағы барлық қазіргі жағдайымен байланысты. Өмірдің мәселелерін шешу жолын табу қабілеті мен адам құқықтарының біліміне, заңға құрмет көрсетуге бағытталған балалар мен жеткіншектердің дүниетанымын қалыптастыру қажет.


Жыл сайын сәуірде Балалардың құқықтарын қорғау комитеті тарапынан Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы заңнама мен БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы балалардың, ата-аналардың хабардарлығын көтеру мақсатында әлеуметтік зерттеу өткізіледі.

2015 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-жылдығы шеңберінде «Балалық шақты қорғаудың Конституциясы» атты тестілеу өткізілді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі жағдайлары жөнінде балалардың өз құқықтарынан хабардарлығы деңгейін талдау, Конституцияның Қазақстан Республикасының негізгі заңы жөнінде балалар мен жеткіншектердің хабардарлық деңгейін анықтау, сонымен қатар, балалардың құқықтық білім қажеттілігін анықтау.

Сауалнама балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларға арналған жеке аудиторияда өткізілді. Сауалнамадағы сұрақтардың саны 12 ден 20 жас аралығындағы жас санатына байланысты іріктелген.


Зерттеуге **1 024 151** оқушы тартылды, олардың ішінде қалалық мектептен - **43,1%** (442 275) - бала және ауылдық мектептен **56,8 %** (581 881) - бала.



2014 жылғымен салыстырғанда сауалнамаға қатысушылар саны 2015 жылы 79 502 адамға өскен.

Сұхбат үш жас ерекшелік топтары бойынша өкізілді:

Сұхбат алынғандардың арасында 5-9 сынып оқушылары басым болғанын айта кету қажет.



2014 жылғы сауалнама көрсеткендей қыздардың саны ұл балаларға қарағанда басым болды.



533 693
(52,1%)

490 458
(47,8%)

I. Балалардың конституциялық құқығы

Сауалнаманың барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Сауалнамадағы Қазақстан Республикасының Конституциясына, негізгі заңдарына хабардарлығы сұрақтарының санын сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшеліктері санатына байланысты 3-тен 5-ші сынып оқушылары құрады. Балалардың Конституция туралы хабардарлығы жоғары екенін айта кету қажет. Сонымен, дұрыс жауап берілген сұрақтар **94%**-ды құрайды.

Мысалы, **96%** (983 184) балалар «Осы жылы ҚР Конституциясына неше жыл?» деген сұраққа дұрыс жауап берді.

93% (962 701) сауалнамаға қатысушылар «ҚР Конституциясында баланың қандай негізгі құқықтары анықталған?» деген сұраққа дұрыс жауап берді.

«Сендер өз құқықтарыңды білесіңдер ме?» деген сұраққа бекітілген сұрақтардың жауабы 88,8%-ға (909 446) қысқарды, дегенмен **3,4%**

(34 821) бала өздерінің құқықтарын білмейтінін көрсетті және **7,8%** (79 884) сұраққа жауап беруден қиналды, осы сұрақтарда өздерінің құқықтары бойынша жеткіліксіз хабардар екендігін көрсетті.

Сауалнама нәтижесі бойынша **52%** (532 558) оқушы, ауылда тұратындар **23%** (133832), қалада тұратындар **90%** (398 726) бала құқықтары Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияда көрсетілген.

Бала құқықтары «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңында көрсетілгені туралы **47,9%** (491 592) бала, оның ішінде **76,5%** (338 382) қалада тұратын балалар және **26,3%** (153 210) ауылды жерде тұратын балалар біледі.

Өз құқықтары жөнінде ақпаратты балалар:

- **59,7%** (612 391) бала – Мектептегі мұғалімдерден;
- **9,1%** (94 214) бала– достарынан;
- **27,9%** (286 277) бала - ата-аналардан;
- **2,4%** (25 269) бала- Интернеттен;
- **0,5%** (6000) бала- Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алады.

«Барлық балалардың құқықтары тең бе?» деген сұраққа балалар былай деп жауап берді:

- **8,8%** (91 149) сауалнамаға қатысқандар – Қазақстанда тұратын балалар ғана тең құқылы;
- **66,8%** (684989) сауалнамаға жауап беруші - тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие;
- **9%** (92 210) балалар - Қазақстан Республикасында туылған балалар ғана тең құқыққа ие деп жауап берді;
- **15,2%** (155 803) балалар - жауап беруге қиналды.

Жалпы Республикада «**Сенің құқығың бұзылады ма?**» деген сұраққа төмендегі кесте бойынша түсіндіріледі.

Сұрақ	Барлығы	Қала	Ауыл
Ия	8,5% (88 076)	6,7% (69 642)	1,7% (18 434)
Жоқ	77,9% (798 455)	39,7% (406 587)	28,1% (287 772)
Кейде	9,4% (97 294)	6,7% (68 614)	2,7% (27 650)
Жауап беруге қиналамын	3,9% (40 326)	2,9% (29 698)	1% (10 241)

Зерттеудің қорытындысы бойынша балалардың құқықтарын достары - **21%** (215 081) жиі бұзатыны дәлелденді, оның ішінде **12%**-ы қала мектептерінің балалары, ал **9%** ауылдық мектептердің балалары.

- **16,3%** сауалнамаға жауап берушілер өз құқықтарын - ата-аналары бұзады деп жауап берді;
- **11%** сауалнамаға жауап берушілер өз құқықтарын мұғалімдер жиі бұзады деп санайды;
- **51,7 %** балалар жауап беруге қиналды.



Құқықтары бұзылған жағдайда балалардың көпшілігі (**35,3%**) осы мәселені тиімдірек ата-аналар ғана шеше алады, себебі бірінші кезекте тек солармен байланысты, **27,7%** балалар өз құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен, **14%** балалар сенім телефонымен байланысқан. **12,5%** сынып жетекшісімен байланысқан. **10,5%** жауап берушілер Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен байланысты.

II. Бала құқықтары жөніндегі Конвенция

- Сауалнама үш жас-ерекшелік топтар бойынша (3-4, 5-9 және 10-11 сыныптарда) жүргізілді, **71,5%** (732558) балалар, **бала құқықтары туралы Конвенцияны** білетіні (олардың ішінде **90%** (398 726) қалада мектептерінің оқушылары, **23%** (133 832) ауылдық мектептің оқушылары) анықталды.
- Балалардың құқықтары туралы Конвенцияны **5,3%** (54 750) балалар білмейді, олардың ішінде қала мектептерінің оқушылары - **5,2%** (23 240), ауылды жердің мектептерінің оқушылары - **5,4%** (31 510).
- «Балалардың құқықтары туралы Конвенция қашан ратификацияланды» деген сұраққа 10-11 сынып оқушылары **62,9%** (97 847) дұрыс жауап берді.
- Жоғарғы сынып оқушыларының **16,9%** (26403) ата-аналар балалардың құқықтары туралы Конвенцияны білуі тиіс деп есептейді.

- 10-11 сынып оқушыларының көпшілігі **81,4%** (126 580) **Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мен Білім басқармасындағы сенім телефондарын** біледі, сауалнамаға қатысушылардың **12%-ы** (28 733) теріс жауап берді.

III. Әлеуметтік зерттеуге қамтылғандар



Республикада тұратын мектеп жасындағы балалар саны **2 566 329** құрайды, олардың ішінде **1 024 151** немесе **39,9%** бала әлеуметтік зерттеумен қамтылды.

Ақмола-**76,8%**, Қызылорда-**72,2%**, Павлодар-**71,7%** және Маңғыстау облыстарында-**67%** сауалнамамен қамтылғандардың саны көп.

Тоғыз аймақта (Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс-Қазақстан, Жамбыл, Батыс-Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Оңтүстік-Қазақстан облыстары) сауалнамамен **28,1%** дан **66,9%**-ға дейін қамтылған.

Қарағанды облысында - **8,8%**, Алматы - **8,6%**, Астана - **3,3** қалаларында сауалнамаға қатысушылардың санының төмендігі анықталды.

IV. Қорытынды.

🇰🇿 Оқушылардың (86%) көпшілігі Қазақстан Республикасы Конституциясы, негізгі Заңдары бойынша жеткілікті хабардар.

🇰🇿 Осы салада өздерінің заңнамалық құжаттары мен құқықтары туралы білімін толықтырудың негізгі көзі балалардың **59,7%** -ы үшін мектеп болып табылады. Құқық туралы ақпаратты балалардың **27,9%**-ы ата-аналардан алады, **9,1%** - достарынан, **2,9%**-бұқаралық ақпарат құралдарынан және интернеттен.

✚ Ауылдық мектептердің оқушыларына өз құқықтары туралы қалада тұратын оқушыларға қарағанда аз мағлұмат берілген. Сонымен қатар, ауылдық мектептердің оқушылары балалардың құқықтары туралы Конвенциямен көбірек хабардар етілген.

✚ Балалардың **21%-ы** өз құқықтарының бұзылуы жағдайына тап болады, барлығынан бұрын бұл жағдай құрбы-құрдастардың арасында орын алады. Сауалнамаға қатысушылардың **16,3 %** құқығын ата-анасы бұзатыны анықталды. Балалардың **11%** құқығын мұғалімдер бұзатыны анықталды. Сауалнамаға жауап берушілердің **51,7%** өз құқықтарын барлығынан бұрын кім бұзатыны жөнінде жауап бергісі келмеді.

✚ Балалар мен жас-жеткіншектердің **82%** өз мәселелері бойынша байланысу үшін Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мен Білім басқармаларының сенім телефондарымен хабардар етілген.

✚ Нәтижесінде жас-жеткіншектердің өз құқықтарын қорғау саласында құқықтық сауаттылығы өткен жылғымен салыстырғанда **88%-ға** (2014 ж. – 86%, 2013 ж. - 81%) өскені анықталды.